



Бекітемін

## Колледж директоры

Нұрымаров А.С.

2020 ж.

## ШКО әкімдігі Білім басқармасының «Көлік колледжі» КМҚК

## Жатақханасының студенттік кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

## I. Жалпы ережелер

1. Жатақхана колледж студенттерінің оку мекемесінде білім алып жатқан кездерінде түруларына арналған.
  2. Сұхбаттасудан кейін жатақхананың тұрғын бөлмелерін студенттерге бөліп беру колледж директорының құзырлығында.
  3. Студенттерді жатақханаға орналастыру кезінде санитарлық нормалар сақталуы тиіс.

## *II. Жатақханада тұратын студенттердің құқықтары мен міндеттері*

1. Жатақханада тұратын студенттер құқылы:
    - Бөлмелерді, жабдықтарды пайдалануға;
    - Жатақхананың студенттік кенесінің құрамына сайлануға және сайлауга;
    - Тұрмысқа байланысты барлық мәселелерді талқылауға қатысуға;
  2. Жатақханада тұратын студенттер міндettі:
    - Ішкі тәртіп ережелерін сактауға;
    - Барлық бөлмелерде тазалық пен тәртіпті сактауға;
    - Тұратын бөлмелер мен қоғамдық қолданылатын орындардағы жабдықтар мен құрал – саймандарды ұқыптап ұстауға;
    - Электрэнергиясы мен суды үнемдеуге;
    - Өрт қауіпсіздігі ережелерін сактауға;
    - Тұру ақысын уақытында төлеуге;
    - Ic - шараларға қатысу.

### *III. Басқарудың қоғамдық органдары*

1. Жалпы жиналыста ашық дауыс берумен жатақханада тұратын студенттер қатырнан жатақхананың студенттік кеңесі сайланады. Оның құрамына жатақхана тәрбиешісі мен қабаттардың әкімшіліктері кіреді.

2. Кеңестің күрамы колледждің жастар комитетінің төрағасымен бекітіледі.
3. Кеңес мүшелерінің саны тұратындар санына байланысты жиналышта белгіленеді.
4. Жатақхана кеңесі жастар комитетінің төрағасының жетекшілігімен жұмыс жоспарын құрайды. Жұмыс жоспары 1 оқу жылының мерзіміне жасалады.
5. Жатақхана кеңесі жатақхана тәрбиешісінің және жастар комитетінің төрағасының тікелей жетекшілігінде болады.
6. Жатақхана кеңесі айна 1 рет жиналады, әрбір жиналыш хаттамамен расталады.
7. Жатақхана кеңесі келесі секторлар бойынша жұмыс атқаралы:
  - Санитарлық
  - Мәдени – көпшілік
  - Спорттық
  - Редакциялық алқа

#### *IV. Студенттік кеңестің мақсаттары мен міндеттері*

Студенттік кеңестің мақсаттары:

1. Жаңадан қабылданған студенттердің бейімделуі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
3. Есірткі мен алкогольды қолдануға және таратуға қарсы құресу;
4. Тәртіпті, моральдық және этикалық нормаларды сактау үшін құресу;
5. Салауатты өмір салтын сактауды насиҳаттау.

#### *V. Студенттік кеңестің міндеттері*

1. Жатақханада тұратындардың мүдделерін қорғау;
2. Тұрғындарга студенттік өмірге байланысты ақпараттарды өз уақытында жеткізу;
3. Тұрғын бөлмелердің, санитарлық тораптардың санитарлық жағдайына тұрақты түрде тексерулер жүргізу;
4. Жатақханада мәдени – көпшілік шаралар өткізу;
5. Колледж әкімшілігіне жатақханада орын алған құқық бұзушылық туралы хабарлау;

6. Тұрғындардың сабактан тыс уақыттарында өзіндік жұмыс пен демалыс жағдайларын жақсартуға қол жеткізу;
7. Ішкі тәртіп пен ережелерін жатақханада тұратындардың барлығының орындауларына қол жеткізу;
8. Өз жиналыштарында студенттік кеңес мүшелірінн, қабат старосталарының есептерін тыңдау.

## *VI. Студенттік кеңестік өкілеттілігі*

Кеңес келесі өкілеттілікке ие:

1. Колледж әкімшілігінің келісімімен, сынып жетекшілерінің баяндаухаттарының, әкімшілік нұсқауының, құқық қорғау органдарының хабарлауларының негізінде бұзушыларды Кеңес жиналышына шақыру;
2. Колледж әкімшілігі алдында құқық бұзушыларды жазага тартқызуға өтініш ету.

## *VII. Секторлардың міндеттері*

А) Қабаттың старостасы:

1. Қабаттың старостасы студенттердәі қабат бойынша, сонымен бірге тұрмыстық және қоғамдық қолданылатын басқа да бөлмелердің кезекшілігін ұйымдастырады, санитарлық және ішкі тәртіп ережелерінің сақтау бойынша нұсқауы осы қабатта тұратындар үшін міндетті болып табылады.

Б) Мәдени – көпшілік сектор:

1. Мәдени – көпшілік және оку – тәрбие секторының міндеттерін қатар атқарады;
2. Студенттердің сабакқа қатысуыларын бақылайды;
3. Үй тапсырмаларын орындауға жағдайлар жасайды;
4. Студенттердің демалысы мен мәдениет деңгейлерін арттыруды ұйымдастыруға іс – шаралар өткізеді.

В) Спорт секторы.

1. Спорт секторының міндеттеріне студенттердің күшімен спорт алаңқайларын жасау, дene шынықтырулар, спорттық ойындар мен жарыстар өткізу кіреді.

Г) Санитарлық :

1. Жатақханада күн тәртібінің орындалуын бақылайды;
2. Қабат старостасымен бірге студенттердің кезекшіліктерін ұйымдастырады;
3. «Тазалық экранын» рәсімдеу үшін бөлмелерді аралайды;
4. «Үздік бөлме» байқауын өткізеді;
5. Жатақхананың санитарлық жағдайын бақылайды;
6. Балаларды әртүрлі шаруашылық жұмыстарды орындауға тартады.

Д) Редакциялық алқа:

1. Қабырға газеттерін, плакаттарды, хабарландыруларды шығаруға жетекшілік етеді;
2. Іс – шаралар кезінде жатақхананың көрінісін көркем безендіруді ұйымдастырады.

Келісілген

Директордың тәрбие ісі

бойынша орынбасары

«\_\_» 2020 ж.



Аубакирова А.М.